

С. Ағабек, 2-курс
Ғылыми жетекшісі: Д. Б. Джагипарова, тілдік дайындық кафедрасының
оқытушысы
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды
академиясы)

ПО ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ - ҚЫЗМЕТІ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Ішкі Істер органдарындағы қызмет — Қазақстан Республикасы азаматтарының өз қызметтік міндеттері мен мемлекет пен халық алдындағы қызметтік борышын атқарумен байланысты мемлекеттік қызметтің айрықша түрі. Қызмет өткеру олардың тарапынан білдірілген ерекше сенім болып табылады және ПО қызметкерінің адамгершілігі мен моральдық-этикалық бейнесіне жоғары талаптар қояды.

Қоғам ПО қызметкері жүзеге асыратын кәсіби қызметіне өзінің барлық күш жігерін білімі мен тәжірибесін жұмсайды және қоғамға әділ әрі қалтқысыз қызмет етеді деп есептейді.

Қазақстан Республикасының ПО қызметкерлерінің осы ар-намыс кодексі (Қазақстан Республикасының Ішкі Істер органдары қызметкерлерінің қызметтік этикасы ережесі) (бұдан әрі — Кодекс) «Қазақстан Республикасының Ішкі Істер органдары туралы» 1995 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» 1998 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 3 мамырдағы Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы қызметтік этикасы ережесі және жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларға сәйкес Ішкі Істер органдары қызметкерлері мінез-құлқының негізгі стандарттарын белгілейді.

ПО қызметкері осы Кодекске сәйкес сақтау жөніндегі барлық қажетті шараларды қабылдауға міндетті.

1. ПО қызметкерлері өз қызметінде:

- Қазақстан Республикасы Президентінің саясатын жақтауға және оны дәйекті жүзеге асыруға, өзінің іс-әрекетімен мемлекеттік биліктің беделін нығайтуға, мемлекет мүдделерін қорғауға; Қазақстанның беделін түсіретін іс-әрекеттер жасауға жол бермеуге;
- Конституцияны бұлжытпай сақтай және Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне және Қазақстан Республикасының өзге де құқықтық актілеріне сүйене отырып, заңдылықтар қағидаттарын басшылыққа алуға;

- азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін сақтау мен қорғауды қамтамасыз етуге, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын бұзуға бастайтын іс-әрекеттерге жол бермеуге;
- Қазақстан халқының бірлігі мен елдегі ұлтаралық татулықты нығайтуға жердемдесуге;
- мемлекеттік, әскери және қызметтік тәртіпті бұлжытпай сақтауға, Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының Антының талаптарын бұлжытпай сақтауға, өзінің азаматтық және қызметтік борышын қалтқысыз және адал орындауға, қылмысқа қарсы күресте табандылық пен батылдық танытуға, қоғамдық тәртіпті сақтау жөніндегі қызметті өткеру, қылмыстарды ашу және тергеу кезінде тиімді және кәсіби тұрғыдан іс-қимыл жасауға;
- жоғары кәсіби жұмыс үшін барлық күш-жігерін жұмсауға, сеніп тапсырылған мемлекеттік мүліктерге ұқыппен қарап, оны ұтымды әрі тиімді пайдалануға; бекітіліп берілген қарудың, басқа да қару-жарақ пен арнайы техниканың, қызметтік құжаттардың және куәлігінің сақталуын қамтамасыз етуге; дене күші мен арнайы құралдарды мәжбүрлі және заңды түрде қолданған кезде ұстамдылық танытуға, бұл ретте қызметкердің іс-әрекеті маңайындағыларға түсінікті болуы тиіс;
- сыбайлыс жемқорлық көріністеріне қарсы тұруға;
- ПО қызметкерінің жеке мүдделерін қозғайтын мәселелер жөнінде шешімдер қабылдауға қатысы бар адамдардың қызметіне араласпауға;
- кәсіпкерлік қызметке негізсіз араласу фактілеріне және жекелеген шаруашылық жүргізуші субъектілердің мүдделерін сүйемелдеу жағдайларына жол бермеуі тиіс;
- қызметтік міндеттерін орындау кезінде белгілі болған құпия ақпараттарды, мемлекеттік құпияларды және басқа заңмен қорғалатын құпияларды пайдакүнемдік мақсатта жария етпеуге және пайдалануға жол бермеуге;
- қызметі жоғары немесе төмен тұрған не өзімен қызмет немесе жұмыс бойынша өзге де тәуелділіктегі адамдармен ақшалай немесе өзге де мүлтік сипаттағы құмар ойындарға қатыспауға;
- қызметтік міндеттері орындаумен байланысты жеке және заңды тұлғалардың сыйлықтар қабылдау және қызметін пайдалану фактілеріне жол бермеуге;
- заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда, қазақстандық немесе шетелдік жеке және заңды тұлғалар есебінен мемлекетішілік және шетелдік туристік, емдеу-сауықтыру және өзге де сапарларға шақырулардан бас тартуға;
- өзінің іске көзқарасымен және жеке мінез-құлқымен ұжымда орнықты және жағымды моральдық-психологиялық жағдай туғызуға ықпал етуге;
- мемлекеттік органдардың тиімді жұмыс жасауына және олардың қызметкерлерінің қызметтік міндеттерін тиісінше орындауына бөгет болатын іс-әрекеттерге қарсы тұруға; өзінің қызметтік міндеттерін қалқысыз және адал орындауға, адамдардың өмірін құтқаруға, қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың жолын кесуді талап ететін жағдайда қауіп төніп тұрған адамның алдында батылдық танытуға;
- кадрларды жерлестік және өзіне берілгендік белгілері бойынша іріктеу мен орналастыру жағдайларына жол бермеуге;
- қызметтегі әріптестер тарапынан осы Кодекстің талаптарын бұзу фактілеріне жол бермеуге және олардың жолын кесуге;
- нысандық киім кию ережелерін бұлжытпай сақтауға, оны қадір-құрметпен киюге, әрқашан жинақы және ұқыпты болуға;
- қызметте, тұрмыста өзін қоршаған адамдармен қарым-қатынаста жоғары парасаттылық пен әдептілік танытуға және қоғамда әділетке деген сенімнің нығаюына ықпал етуге міндетті.

2. ПО қызметінің мәселелері бойынша көпшілік алдында оның басшысы немесе органның бұған уәкілеттік берілген лауазымды тұлғалары сөйлейді.

Қызметкерлер ПО беделіне нұқсан келтірмей, пікірталасты әдепті түрде жүргізуі тиіс.

3. ПО қызметкерлері мемлекеттік саясат және қызметтік ісінің мәселелері жөніндегі өз пікірін, егер ол:

- мемлекет саясатының негізгі бағыттарына сәйкес келмесе;
- жариялауға рұқсат етілмеген қызметтік ақпараттарды ашатын болса;

- мемлекеттің лауазымды тұлғаларының атына әдепке сай емес сөздер айтудан тұрса, көпшілік алдында білдірмеуі тиіс.

4. ПО қызметкерінің атына коммерциялық ұйымдарды басқаруы және / немесе кәсіпкерлік қызметпен айналасуы, біреудің мүдделерін сүйемелдеуі жөнінде көпшілік алдында негізсіз айыптау болған жағдайда, ол тиісті түрде мұндай айыптауларды теріске шығаратын ақпаратты жариялауы тиіс.

5. ПО қызметкерін сыбайлас жемқорлық жасады деп көпшілік алдында айыптаған жағдайда, ол бұл айыптауларды теріске шығару, оның ішінде сот арқылы теріске шараларын қабылдауы керек.

6. ПО қызметкерлерінің осы Кодексті сақтауы олардың қызметтік борышы болып табылады.

7. Осы Кодексте көзделген талаптарды бұзғаны үшін ПО қызметкерлері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

8. Мемлекеттік органдардың ұжымдары мемлекеттік қызметкерлердің осы Кодексті орындамауы фактісін басшысының шешімі бойынша қарай алады және қоғамдық талқылаудың қорытындысын шығарады.